

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-танымдық, қоғамдық-ақпараттық журнал

АБАЙ

СӘУІР-2025

ТАҒЫЛЫМЫ №4(22)



«АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ»

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-танымдық,
қоғамдық-ақпараттық журнал

2023 жылдан бастап шығады.

Шығу жиілігі-айына бір рет.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін
және желілік басылымды есепке қою туралы №KZ88VPY00079149
куәлігімен тіркелген

БАС РЕДАКТОР:

**Нұрманбекова Раушан
Қабжанқызы**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Еспенбетов А.С.,
профессор, филология
ғылымдарының докторы
Shakarim university

Кәрімов М.К.,
профессор, тарих ғылымдарының
кандидаты
Shakarim university

Кожяхметова Д. О.,
PhD, Shakarim university

Шәкерхан Қ.О.,
PhD, Shakarim university

Султанова Н.К.,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент
Alikhan Bokeikhan University

Туленов Б.А.,
Абай облысы білім басқармасы
басшысының міндетін атқарушы

Аубакирова М.С.,
дизайнер

«АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ»
Республикалық ғылыми-
әдістемелік, педагогикалық-
танымдық, қоғамдық-ақпараттық
журнал. Редакция келіп түскен
материалдар, қолжазбалар
қайтарылмайды. Редакция
жолданған материалдың
мазмұнына жауап бермейді.
Басылған материал бойынша
жауапкершілік әр автордың өзінде
болады. Материалдарды
журналдың рұқсатынсыз көшіріп
басуға болмайды.

Журнал мұқабасындағы Абай суреті:
<https://florcvet.ru/abay-nanbaev-biografiya/>
А. Боколеев.

«Абай тағылымы» журналы
«ABAY TAGYLYMY»
2025 жыл

МАЗМҰНЫ

Редактордың алғы сөзі.....3

Абай Құнанбайұлы4

Қабдиева Меңтай Ақылбайқызы.....5

Исаханова Жанар Серикказыевна.....8

Базарова Айгүл Құрманғазықызы.....10

Қусаинов Алтынбек Болатбекович.....12

Жакыпова Гаухар Кабылқызы.....15

Мусанова Адина Дашақызы.....17

Шарипханова Айжан Шарипхановна.....21

Елена Владимировна Кондратьева.....23

Конокпаева Айжан Боранбаевна.....25

Жангужанова Гаухар Ереновна.....28

Жылкайдарова Айслу Серикбаевна.....31

Қусайнова Асемгул Курманғалиевна.....33

Суртаева Раиса Айратовна.....35

Жалелова Алия Жалеловна.....38

Уразаева Гульнара Туkenовна.....41

Лавриненко Татьяна Леонидовна.....44

Жумабекова Айгуль Оралгазиновна.....46

Дулатова Жаннұр Дулатқызы.....48

Кайрбаева Маржан Нурбековна.....50

Ажгожина Маржан Даутбековна.....52

Слямова Гульжан Берикхановна.....54

Кудайбергеннова Кымбат Советкановна.....54

Садықова Айжан Мақсатқызы.....56

Ибраева Акмарал Габдулгазизовна.....58

Дуйсенбаева Маржан Айбатоліевна.....61

Киырбаева Гульмира Алтаевна.....64

Нурекешова Гулбаршын Кайратовна.....66

Боровикова Татьяна Анатольевна.....71

Сабирова Луиза Ринатовна.....75

Атантаева Шолпан Сагындыковна.....79

Шамсутдинова Шинар Жумағалиевна.....81

Ашманова Дина Асетовна.....85

Абайдың тоғызыншы қара сөзі.....86



*Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға
Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Абай*

Ұлы Абайдың жазу үстелі қасында

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен Семейге тарихи қала мәртебесі берілді. Бұл ұсыныс жалпы халықтың қолдауына ие болды. Бұдан соң Президент тағы бір маңызды шешім жасап, Абай облысын құрды. Семей қаласын облыс орталығы етіп бекітті. Бұл Жаңа Қазақстанның жаңаша әділетті жолының айқын көрінісі еді. Абай даналығы Қазақ елін асқақтатпаса төмендетпейтіні хақ! Ел Президенті соған ерекше мән беріп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысы ашылғаннан кейін ең алғаш рет «Ұстаздар күнінде» Семейге арнайы келіп, халықпен кездесу өткізді.


Облыс мәртебесіне ие болған кезде қарапайым халықтың қуанышында шек болмады. Әсіресе, бір кездері бұрынғы Семей облысының ірге тасы қалануына тер төгіп, үлкен еңбек сіңірген ардагер-ақсақалдарымыз тіпті көздеріне жас ала қуанды. Кейіннен, облыс әкімі ақсақалдармен кездесу өткізді, ел ағалары жігерлі басшыға ақ батасын берді. Осы жақсы жаңалықтар халықты қанаттандырды, бәріміз серпіліп қалдық. Біз де Абай облыстық білім басқармасының қолдауымен «Абай тағылымы» журналын шығаруды қолға алдық. «Абай тағылымы» журналы ғылыми-педагогикалық ортаға арналған. Дегенмен, қазіргі таңда тек республиканың бүкіл халқы үлкен де, кіші де журналымызға қызу түрде атсалысуда.

Қазіргі заманда ауылда болсын, қалада болсын, білім нәрін себуші ұстаздар қауымы екені рас. «Артық ғылым кітапта» деп ғұлама Абай айтқандай, журналдың басты мақсаты-жаңалықтың жаршысы болу, білім мен тәрбиенің дәнін егу. «Білім – шамшырақ», біз осы жолды ұстандық. Сол себептен журналға Абайдың «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға, ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген өлең жолдарын эпиграф етіп алдық. «Абай тағылымы» – республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-танымдық және ел өміріне де арналған қоғамдық-ақпараттық журнал болмақ. Журналға университет, колледж, мектеп мұғалімдерімен қатар, барлық мамандық иелері, жастар мен оқушылар, дана қарияларымыз да атсалыса алады.

Құрметпен, Раушан Нұғманбекова

«Абай тағылымы» журналының Бас редакторы

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗДАР...



Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап?

Абай Құнанбайұлы

Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап?

Жұрт жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап,

Қыран шықса қияға, жібереді

Олар да екі құсын екі жақтап.

Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,

Күйкентайы үстінде шықылықтап.

Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,

Күні бойы шабады бос салақтап.

Тиіп-шырып, ыза қып, ұстатпаса,


Қуанар иелері сонда ыржақтап.

Не таптық, мұныменен деген жан жоқ,

Түні бойы күпілдер құсын мақтап.

Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ,

Қайран ел осыменен жүр далақтап.





ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА АТА-АНАМЕН СЕРІКТЕСТІК: ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ, КӘСІПТІК БАҒДАР, ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ПМПК-НЫҢ РӨЛІ

Қабдиева Меңтай Ақылбайқызы

Ғылыми жетекшісі: Тұрымтаева Б. Е.

Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қаласы

mentai.kabdieva@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында ата-аналармен серіктестік орнатудың маңызы, ұлттық және халықаралық тәжірибелер негізінде қарастырылады. Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды кәсіптік бағдарлау, цифрлық технологиялардың маңызы, ата-аналарға көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдау және ПМПК жұмысының заманауи тәсілдері жан-жақты сипатталған.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, ата-аналармен серіктестік, кәсіптік бағдар, цифрлық технология, ПМПК, әлеуметтік-психологиялық қолдау.

Инклюзивті білім беру – бұл тек білім саласындағы бағыт емес, сонымен қатар қоғамдағы адамгершілік, әлеуметтік әділеттілік және тең мүмкіндіктер қағидаларын жүзеге асырудың көрінісі. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету үшін тек мектеп пен мұғалімдердің ғана емес, ата-аналар мен бүкіл қоғамның ынтымақтаса әрекет етуі қажет. Ата-аналармен серіктестік – осы процестің басты буыны.

1. Ұлттық және халықаралық тәжірибе.

Қазақстанда соңғы жылдары инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталған бірқатар заңнамалық және институционалдық шаралар қабылданды. Әсіресе, 2020 жылдан бастап, әр өңірде арнайы инклюзивтік кабинеттер мен ресурстық орталықтар ашыла бастады. Ата-аналармен жұмыс жүргізу тәжірибесі көбінесе жеке мектептердің және арнайы орталықтардың бастамасымен жүзеге асырылады. Мысалы, Өскемен қаласындағы «Dana bala» үздіксіз және инклюзивті білім беру орталығы ата-аналарды білім беру процесіне белсенді түрде тарта отырып, оларды семинарлар, тренингтер және қолдау топтары арқылы қолдайды. Мұндай жұмыстар Алматы қаласында, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларындағы арнайы балабақшалар мен түзету орталықтарында да жолға қойылған. Баланың жеке ерекшелігіне сәйкес оқу траекториясын құру барысында ата-аналардың пікірі ескеріледі. Сонымен қатар, Қазақстанда ерекше баланың ата-анасына психологиялық көмек беру бойынша мамандандырылған кеңес беру кабинеттері мен сенім желілері ашылды. Халықаралық деңгейде Финляндияда ата-аналар мектеп әкімшілігімен тең дәрежеде жұмыс жүргізеді. Олар бала үшін жеке білім беру жоспарын (IEP) жасауға қатысады және оның орындалуын бірге бақылайды. АҚШ пен Израильде ата-аналарға арналған оқыту курстары мен кеңес беру жүйелері жақсы дамыған. Бұл елдерде ата-аналар білім беру саясатына белсенді араласады, шешім қабылдауға қатысады, арнайы консультативтік кеңестердің мүшесі болады.

2. Кәсіптік бағдарлау және жұмысқа орналастыру.

Ерекше қажеттілігі бар балаларды кәсіптік бағдарлау – олардың болашақта қоғамға пайдалы, өз-өзін қамтамасыз ете алатын азамат болуына жол ашатын маңызды бағыт. Бұл процесте ата-аналардың белсенділігі, қолдауы – баланың ертеңгі тағдырын айқындайтын шешуші фактор. Қазақстанда бұл бағыт енді дамып келеді. Арнайы мектеп-интернаттарда, мысалы, Атырау облысындағы №2 түзету мектебінде, тігіншілік, кондитерлік, ағаш өңдеу, бау-бақша шаруашылығы сияқты бағыттар бойынша шеберханалар ашылып, баланың еңбекке бейімділігі анықталады. Ата-аналар бұл бағдарлауға қатыса отырып, балаларының болашақ кәсіби бағытын бірге анықтауға мүмкіндік алады. Германияның тәжірибесі бұл тұрғыда үлгі бола алады. Мұнда ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған кәсіптік курстар мен өндірістік тәжірибелер жүйеленген. Сонымен қатар, ата-аналарға баланың әлеуетін ашуға көмектесетін психологиялық тренингтер мен бағыт-бағдар беретін орталықтар жұмыс істейді. Францияда

«жұмысқа орналасуға бейімдеу» курстары ата-аналар мен оқушыларға арналған арнайы нұсқаулықпен бірге жүреді.

3. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект.

Қазіргі заманның ең басты артықшылығы – цифрлық технологиялардың қолжетімділігі. Инклюзивті білім беру аясында цифрлық технологиялар ерекше рөл атқарады. Онлайн білім беру платформалары (мысалы, «Bilimland», «Daryn.online», «Kundelik.kz») ата-аналарға баланың оқу барысын бақылауға мүмкіндік береді. Арнайы бейімделген анимациялар, сөйлейтін кітаптар, интерактивті жаттығулар ерекше балалардың қызығушылығын арттырып, оларды оқу процесіне тартуға ықпал етеді. Жасанды интеллект негізіндегі жүйелер баланың оқу үлгерімін, сөйлеу ерекшеліктерін немесе психоэмоционалдық күйін автоматты түрде талдауға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар ата-аналар үшін де баланың дамуын нақты бақылауға, ерте көмек көрсетуге сеп болады. Баланың сөйлеуін автоматты түрде танытын және тіл дамытуға бағытталған қазақстандық қосымша әзірлену үстінде.

4. Әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық мәселелер. Инклюзивті білім беруде ата-аналар көбіне өзін жалғыз сезінеді, қоғам тарапынан түсінбеушілікке тап болады. Бұл жерде педагогтардың рөлі – тек білім беруші ғана емес, психологиялық көмекші, бағыттаушы ретінде көрінеді. Балада ерекше қажеттілік барын мойындау мен оны қабылдау – ата-ананың ішкі күйзеліс кезеңі. Сол себепті ата-аналарға арналған психотерапиялық тренингтер, қолдау топтары, сенім телефондары, онлайн-платформалар үлкен рөл атқарады. Мектептерде педагогтар мен психологтар ата-аналарға арналған шеберлік сағаттары, ашық есік күндері, дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, отбасылық-педагогикалық қатынасты нығайтуға ықпал етеді. Осылайша бала дамуына жағдай жасау үштік одақ – мұғалім, ата-ана және бала – арасындағы сенімге негізделеді.

5. ПМПК жағдайында кеңес берудің заманауи тәсілдері.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (ПМПК) – ерекше білім алуға құқығы бар балаларға сараптама жасап, білім беру бағытын ұсынатын негізгі құрылым. Соңғы жылдары ПМПК-да ата-аналарға арналған кеңес беру тәсілдері жаңарды. Көптеген өңірлерде ПМПК қызметі онлайн форматқа көшірілді. Платформалар арқылы ата-аналар өз сұрақтарын жолдап, кеңес ала алады. Сонымен қатар, бейне-нұсқаулықтар, инфографикалар, QR-код арқылы қолжетімді нұсқаулар ата-аналарға медициналық және педагогикалық ақпаратты жақсы түсінуге жағдай жасайды. Кеңестің қолжетімділігі мен ашықтығы ата-ананың сенімін арттырады.

Қосымша ұсыныстар және стратегиялық көзқарас.

Ата-аналармен серіктестік байланыстарды тек оқу процесі шеңберінде ғана емес, сонымен қатар стратегиялық басқару деңгейінде де нығайту қажет. Әрбір білім беру ұйымының даму стратегиясында ата-аналармен өзара әрекеттестікті қамтамасыз ететін бөлім болуға тиіс. Бұл арқылы мектеп әкімшілігі мен ата-ана арасындағы байланыс формалды деңгейден шығып, ортақ шешім қабылдауға негізделеді. Мәселен, ата-аналар комитеті тек ұйымдастырушылық емес, кеңесші-талдау функцияларын да атқара алады. Олар мектептің тәрбие жұмысына, инклюзивті орта қалыптастыру стратегиясына ұсыныстар беріп, жылдық жоспарға түзетулер енгізуге құқылы болуы керек. ЖОО деңгейінде болашақ мұғалімдерді инклюзивті ортада ата-аналармен жұмыс істеуге арнайы оқыту қажет. Бұл үшін педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына «Инклюзивті ортадағы ата-анамен серіктестік» атты пән енгізілуі тиіс. Онда теориямен қатар нақты кейстік жағдайлар, психологиялық тренингтер, рөлдік ойындар арқылы болашақ мамандар даярланады. Қоғамдық ұйымдар мен ҰЕҰ-лардың (үкіметтік емес ұйымдар) рөлі де маңызды. Олар ата-аналарға заңнамалық кеңес, құқықтық көмек, баланың құқықтарын қорғауға бағытталған семинарлар ұйымдастыру арқылы ата-ананың құқықтық сауаттылығын арттырады. Бұған қоса, халықаралық гранттар аясында ата-аналар қауымдастығын дамыту жобаларын жүзеге асыруға болады. Түйіндей келе, инклюзивті білім беру – кешенді жүйе. Онда ата-ананың рөлі – тек бақылаушы емес, серіктес, кеңесші, тіпті кей кезде бастамашы

тұлға деңгейінде көрінуі керек. Бұл бағытта институционалдық, құқықтық және психоәлеуметтік негіздер қалыптасқанда ғана ата-аналармен шынайы серіктестік орнайды. Қорытынды. Инклюзивті білім беру – тек білім беру жүйесінің емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі. Бұл жүйенің басты қатысушыларының бірі – ата-аналар. Ата-анамен серіктестік құру арқылы біз балаға барынша тиімді, қауіпсіз, сенімді білім беру ортасын қалыптастырамыз. Ұлттық және халықаралық тәжірибелер көрсетіп отырғандай, ата-аналармен бірлесе әрекет ету инклюзивті ортаның сапасын арттырады. Болашақта цифрлық шешімдер, институционалдық саясат, кәсіби оқыту мен қоғамдық қолдау арқылы бұл серіктестікті нығайту – инклюзияны тереңдетудің басты жолы. Болашақтағы мүмкіндіктер мен ұсыныстар Инклюзивті білім беруде ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты күшейту үшін жүйелі әдістемелік ұсынымдар қажет. Мектептер мен колледждерде ата-аналарға арналған тұрақты түрде өтетін кеңес беру сессиялары мен тренингтер енгізілуі тиіс. Әрбір өңірлік білім басқармасында инклюзивті білімге жауапты орталық жұмыс істеуі қажет, мұнда ата-аналар мен мұғалімдер үнемі әдістемелік қолдау алып отырады. Цифрлық платформалар арқылы ата-аналармен байланыс орнату – уақтылы ақпарат алмасудың заманауи жолы. Осы орайда, арнайы инклюзивті білімге арналған бірыңғай онлайн платформа құру – уақыт талабына сай келетін шешім болар еді. Бұл платформада оқыту ресурстары, кеңестер, бейнематериалдар, ПМПК-мен байланыс арналары бір орталықта шоғырлануы тиіс. Мемлекет тарапынан инклюзивті білімге бағытталған арнайы гранттық бағдарламалар аясында ата-аналарға және мұғалімдерге біліктілік арттыру курстары тегін ұйымдастырылуы тиіс. Ерекше қажеттілігі бар баланың ата-анасы да педагогикалық, психологиялық базалық білім ала отырып, өз баласына кәсіби тұрғыда көмек көрсететін деңгейге жетуі мүмкін. Инклюзивті білім беруді дамытуда БАҚ пен әлеуметтік желілердің де орны ерекше. Жаппай қоғамның бұл бағыттағы ақпараттануын арттыру мақсатында бейнероликтер, әлеуметтік жарнамалар, танымдық бағдарламалар көбейтілуі қажет. Мұндай шаралар қоғамдағы стереотиптер мен теріс көзқарастарды жоюға көмектеседі. Қосымша ұсыныс:

1. Әр мектепте ата-аналармен инклюзивті білім бойынша тұрақты семинарлар өткізу.
2. Ерекше білім қажеттілігі бар балалардың ата-анасына арналған психологиялық көмек кабинеттерін ашу.
3. ПМПК жұмысының ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында онлайн платформа құру.
4. Цифрлық білім беру контенттерін (қосымшалар, бейнежазбалар, интерактивті жаттығулар) мемлекеттік тапсырыс негізінде әзірлеу.
5. Жоғары оқу орындары мен колледждерде ата-аналарға арналған инклюзивті білім беру модулін енгізу.

Осы аталған ұсыныстар мен мүмкіндіктер – инклюзивті білім беруді заманауи талаптарға сай жетілдіру жолында маңызды қадам болмақ. Басты мақсат – ерекше балаға сапалы біліммен қатар қолдау көрсету, ал ата-ана – осы жолдағы ең сенімді серіктес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. 2007 ж.
2. Сатыбалдиева А. Инклюзивті білім берудің негіздері. – Алматы: Пауан, 2022.
3. UNESCO. Inclusive Education for Students with Disabilities. – Paris, 2021.
4. Finnish Ministry of Education. Inclusive Education Model. Helsinki, 2020.
5. Мейірім Ж. Инклюзивті білім беру мен цифрлық технологиялар. //Педагогика журналы, №3, 2023.
6. Кульшімбаева Б. Инклюзия және ата-аналармен жұмыс. – Нұр-Сұлтан, 2021.
7. Albrecht G., Schalock R. International Practices in Inclusive Education. Springer, 2019.
8. Жуасова Н. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі ата-ананың рөлі. – ШҚМУ, 2020.
9. Әбдіжаппарова Р. Білім беру кеңістігіндегі ата-ана мен педагог серіктестігі - Алматы, 2020


ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТТА ЖЕТІЛДІРУ

Исаханова Жанар Серикказыевна

«Бақыт» шағын орталығы

«Бәйтерек» ересек тобының тәрбиешісі

Семей қаласы



Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі – жас ұрпақтың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Шығармашылық – бұл тек өнер саласында ғана емес, сонымен қатар ғылымда, технологияда және күнделікті өмірде де маңызды рөл атқаратын құнды қасиет. Балалардың шығармашылық әлеуетін ашу және оны жетілдіру – қоғамның болашағы үшін жасалған инвестиция. Тәрбиеленушілердің шығармашылық бағытта жетілуіне ықпал ететін бірнеше маңызды фактор бар. Ең алдымен, білім беру ортасының өзі шабыттандыратын және зерттеуге ынталандыратын болуы қажет. Сыныптар мен үйірмелерде еркін пікір алмасу, идеяларды сынау және қателерден қорықпау атмосферасы қалыптасуы керек. Тәрбиешілердің рөлі де ерекше. Олар тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар бағыттаушы, қолдаушы және шабыттандырушы болуы тиіс. Әрбір баланың бірегейлігін және қызығушылығын ескере отырып, оларға өздерін көрсетуге мүмкіндік беру маңызды.

Шығармашылықты дамытудың тиімді жолдарының бірі – әртүрлі шығармашылық тапсырмаларды қолдану. Бұл сурет салу, мүсіндеу, жазу, ән айту, рөлдік ойындар немесе жобалар жасау болуы мүмкін. Мұндай тапсырмалар балалардың қиялын дамытып, жаңа идеялар ойлап табуға, мәселелерді стандартты емес жолдармен шешуге үйретеді. Сонымен қатар, командалық жұмыс шығармашылық процесті байытады, өйткені әрбір қатысушы өз идеяларымен бөлісіп, ортақ шешімге келеді. Заманауи технологиялар да шығармашылықты дамытуда үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Сандық құралдар, бағдарламалар және платформалар балаларға өз идеяларын жаңа тәсілдермен жүзеге асыруға, виртуалды шығармалар жасауға және оларды бүкіл әлеммен бөлісуге мүмкіндік береді. Тәрбиешілердің міндеті – бұл құралдарды тиімді пайдаланып, оқу процесін қызықты әрі интерактивті ету. Шығармашылық – бұл адамзаттың ең құнды қасиеттерінің бірі. Болашақта тек қана алгоритмдерді орындайтын емес, сонымен қатар жаңашыл ойлай алатын адамдарға сұраныс артады. Сондықтан қазіргі педагогиканың негізгі міндеттерінің бірі – тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бұл үдеріс тек өнер саласымен шектелмей, ол балалардың бүкіл ойлау жүйесін, әлемді қабылдау тәсілін өзгертеді. Ғалымдардың зерттеулері бойынша, 21 ғасырда ең құнды кәсіби дағдылардың бірі – креативті ойлау қабілеті. Бұл – нарықта сәтті болу үшін шығармашылықты дамытудың қажеттілігін көрсетеді. Шығармашылықты дамытудың тиімді әдістеріне келсек, еркін ойындар мен ролевик жаттығулар. Педагог Мария Монтессоридің айтуынша, «ойын – бұл баланың жұмысы». Балалар ойын арқылы әлемді зерттейді, жаңа идеяларды қалыптастырады. Мысалы, «Дүкен ашу» немесе «Ғарышқа саяхат» сияқты ойындар арқылы олар шешім қабылдау дағдыларын дамытады. Дәстүрлі «дұрыс жауапты» табу орнына, педагогтар балаларға бірнеше шешімді табуды ұсына алады. Мысалы, «Қаланы қалай экологиялық таза етуге болады?» деген сұраққа әр түрлі жауаптарды іздеу. Сурет салу, әңгімелеу, поэзия сияқты салалар балалардың эмоцияларды білдіру қабілетін арттырады. Қазақстандық педагог Зарина Ахметованың зерттеулері бойынша, көркем шығармашылықпен айналысатын балалар математика мен ғылымда да жақсы нәтиже көрсетеді.

Әрине, балалардың шығармашылықпен айналысуының, әсіресе ермексазбен жұмыс істеу мен сурет салудың пайдасы зор. Бұл әрекеттер олардың жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Енді осыларға және басқа да шығармашылық жұмыстардың пайдасына кеңірек тоқталайық:

Ермексазбен жұмыс істеудің пайдасы.

Ұсақ моториканы дамыту: Ермексазды илеу, жұқалау, бөліктерге бөлу, кішкентай бөлшектерді біріктіру сияқты әрекеттер баланың саусақтары мен білектерінің бұлшықеттерін нығайтады және қолдың ептілігін арттырады. Бұл кейіннен жазу, сурет салу, қайшымен жұмыс істеу сияқты дағдыларды меңгеруге көмектеседі.: Ермексаздан әртүрлі көлемді және пішінді заттарды жасау баланың үш өлшемді кеңістікті қабылдауын дамытады. Ол заттың биіктігін, енін, ұзындығын және көлемін сезінуге үйренеді. Қиялды және шығармашылықты дамытуда ермексаз балаға өз фантазиясын еркін көрсетуге мүмкіндік береді. Ол ойындағы кез келген бейнені жасай алады, жаңа сюжеттер мен ойындар ойлап табады. Бұл оның шығармашылық ойлауын, проблемаларды шешу қабілетін және өзіндік идеяларын дамытады. Ермексазбен жұмыс істеу баладан назар аударуды және бір іске ұзақ уақыт бойы шоғырлануды талап етеді. Бұл оның зейінін дамытуға және сабаққа ынтасын арттыруға көмектеседі. Мысалы, ол қуанышты немесе қорқынышты кейіпкерді жасай алады. Бұл оның эмоционалдық интеллектін дамытуға және өзін-өзі түсінуге көмектеседі. Күрделі пішінді жасау үшін баладан шыдамдылық пен еңбектену талап етіледі. Ол бастаған жұмысын аяғына дейін жеткізуге үйренеді.

Сурет салудың пайдасы:

Ұсақ моториканы және қол-көз координациясын дамыту: Қарындашты, бояуды немесе басқа да құралдарды ұстау және олармен әртүрлі сызықтар мен фигураларды салу баланың қолдың ұсақ моторикасын және көз бен қолдың үйлесімді жұмысын жақсартады. Сурет салу процесінде бала қоршаған әлемді мұқият бақылайды, заттардың пішінін, түсін, көлемін және орналасуын зерттейді. Бұл оның көру арқылы қабылдауын дамытады. Ол өзінің ішкі әлемін, сезімдерін және көзқарастарын көрсете алады. Әсіресе кішкентай балалар сөзбен жеткізе алмайтын ойларын сурет арқылы білдіре алады. Сурет салу және басқа да өнер туындыларымен танысу баланың әдемілікке деген сезімін оятады және оның эстетикалық талғамын дамытады.

Басқа да шығармашылық жұмыстардың пайдасы:

Аппликация (жапсыру): Қайшымен жұмыс істеу, әртүрлі пішіндерді қию және оларды қағазға жапсыру ұсақ моториканы, кеңістіктік ойлауды және композициялық дағдыларды дамытады. Қолөнер (тоқу, тігу, бисермен жұмыс істеу): Бұл әрекеттер де ұсақ моториканы, зейінді және шыдамдылықты дамытады. Сонымен қатар, бала өз қолымен пайдалы немесе әдемі заттар жасау арқылы мақтаныш сезімін сезінеді.

Музыкалық қабілеттерді дамыту есту қабілетін, ырғақ сезімін, есте сақтауды және эмоционалдық интеллектті жақсартады. Театрлық қойылымдарға қатысу баланың сөйлеу мәнерін, қиялын, эмпатиясын және командада жұмыс істеу қабілетін дамытады. Жалпы алғанда, балалардың шығармашылықпен айналысуы олардың когнитивтік дамуын, ойлау, есте сақтау, зейін, проблемаларды шешу қабілеттерін, моторлық дамуын: ұсақ және ірі моториканы, қол-көз координациясын, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын: өзін-өзі көрсету, эмпатия, командада жұмыс істеу қабілеттерін, эстетикалық дамуын, әдемілікке деген сезімін және талғамын жақсартады. Сондықтан ата-аналар мен педагогтар балалардың шығармашылықпен айналысуына барлық жағдайды жасауы маңызды. Оларды қолдау, ынталандыру және қажетті материалдармен қамтамасыз ету – баланың жан-жақты дамуына қосылған үлкен үлес болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кларин, М.В. Инновациялық педагогикалық технологиялар. 2019
2. Vygotsky, L.S. «Ойлау және сөйлеу». Санкт-Петербург. 2004
3. Михайлова, З.А. «Балабақшада шығармашылық педагогика». Санкт-Петербург. 2019

«АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ – КОЛЛЕДЖ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КӨЗІ»

Базарова Айгүл Құрманғазықызы, педагог-психолог
«Электротехника колледжі» КМҚК, Семей қаласы

Аннотация: Бұл мақалада колледж білім алушылар арасында рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруда Абай Құнанбайұлының тағылымын пайдалану жолдары қарастырылады. Білім алушылардың тұлғалық дамуы, өзін-өзі тануы мен өмірлік ұстанымының қалыптасуына ықпал ететін Абай мұрасын психологиялық-педагогикалық іс-шаралар жүйесіне енгізу ұсынылады. «Электротехника колледжінде» Абай Құнанбайұлының мұрасын білім алушылармен жұмыс істеуде қолдану – жас инженерлердің бойында рухани және моральдық құндылықтарды қалыптастырудың маңызды бір бағыты. Бұл бағытта психологиялық-педагогикалық жұмыстарды жүргізу арқылы білім алушыларға қоғамдық жауапкершілік, еңбекқорлық, білімге деген құштарлық сынды құндылықтарды сіңіруге болады.

Кіріспе: Қазіргі қоғамда техникалық және кәсіптік білім берудің маңызы артып келеді. Әсіресе, электротехника саласындағы мамандарды даярлайтын колледждерде тек кәсіби білім беру ғана емес, сонымен қатар тұлғаның рухани дамуы, еңбекке адал қарым-қатынасын қалыптастыру — негізгі міндеттердің біріне айналды. Бүгінгі білім алушылар — ертеңгі еңбек нарығының белсенді өкілдері. Сондықтан оларды адамгершілікке, еңбекқорлыққа, жауапкершілікке тәрбиелеуде ұлттық құндылықтар негізінде жұмыс жүргізу өзекті. Осы ретте Абай Құнанбайұлының даналыққа толы мұрасы, әсіресе «Толық адам» концепциясы, қара сөздері мен өлеңдеріндегі тәрбие тағылымдары педагог-психологтардың жұмысына тиімді бағыт бола алады. Электротехника саласын меңгеріп жүрген жастар үшін Абайдың еңбек, білім, адамгершілік туралы ойлары өмірлік ұстаным қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар, 2025 жылдың елімізде «Жұмысшылар жылы» деп жариялануы — еңбек адамының қадірін арттырып, техникалық мамандықтардың мәртебесін көтеруге арналған маңызды қадам. Бұл жыл — педагог-психологтарға Абай мұрасын қазіргі кәсіби білім беру кеңістігімен байланыстыруға тың серпін береді.

1. Білім мен ғылымға ұмтылу.

Электротехника колледжінде білім алушылардың кәсіби маман ретінде қалыптасуы маңызды. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңін осы контексте қолдануға болады.

Іс-шаралар:

- Абайдың ғылым мен білімді жоғары бағалаған сөздері негізінде мотивациялық лекциялар өткізу.
- «Ғылым мен техниканың адам өміріндегі рөлі» тақырыбында пікірталастар өткізу, бұл жерде Абайдың білімге деген көзқарасын талқылауға болады.
- Кәсіби білімге ұмтылу мақсатында студенттерге арналған мотивациялық тренингтер ұйымдастыру.

2. Еңбекке баулу.

Электротехника саласы еңбекқорлық пен жауапкершілікті талап ететін сала болып табылады. Абайдың «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген өлең жолы студенттерді еңбекке, техникалық қызмет көрсетуге және жұмысты сапалы орындауға ынталандырады. Іс-шаралар:

- Электротехниканың ерекшеліктері мен еңбек мәдениеті тақырыбында тренингтер мен семинарлар өткізу.
- Техникалық дағдыларды дамыту бойынша еңбекке баулитын іс-шаралар ұйымдастыру. Білім алушыларға электротехникалық құралдарды пайдалану арқылы нақты жұмыстарды орындауды үйрету.
- Техникалық жұмыстарға қатысу арқылы студенттердің еңбекқорлыққа бейімделуін бақылау.

3. Өзін-өзі тануға бағыттау.

Техникалық мамандардың тұлғалық дамуы, кәсіби бағыт-бағдары мен өмірлік ұстанымы да маңызды. Абайдың «Толық адам» ілімі студенттерді өзіндік рефлексияға және өмірлік мақсаттарды айқындауға шақырады. Іс-шаралар:

- Өзін-өзі бағалау жаттығулары мен кәсіби рефлексия тренингтерін өткізу.
- Студенттердің тұлғалық дамуында Абайдың философиясын түсіндіру. Мысалы, «Толық адам» тұжырымдамасы арқылы олардың өз білімдері мен дағдыларына деген көзқарастарын қалыптастыру.
- Өмірлік мақсаттар мен кәсіби жоспарларды құру тақырыбында топтық жұмыстар мен тренингтер өткізу.

4. Абайдың адамгершілік философиясы мен тәрбие жұмыстары

Абайдың адамгершілік туралы ойлары студенттермен қарым-қатынас жасауда өте маңызды. Студенттер арасында өзара сыйластық, түсіністік және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған шаралар қажет. Іс-шаралар:

- Абайдың қара сөздері мен өлеңдері негізінде тәрбие сағаттары мен тренингтер өткізу. Мысалы, «Адам болу үшін не қажет?» деген сұрақты талқылау.
- Студенттермен топтық психологиялық жұмыстар (мысалы, агрессияны бақылау, эмоциялық интеллектті дамыту) өткізу.
- Достық пен адалдық тақырыбында пікірталастар ұйымдастыру, бұл жерде Абайдың моральдық құндылықтары мен тәрбие көзқарастарын талқылауға болады.

5. Кәсіби этика мен мораль. Электротехника саласындағы маман ретінде жұмыс істейтін студенттердің кәсіби этикасы мен моральдық жауапкершілігі маңызды. Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген қағидасын студенттер арасында қоғамдық жауапкершілік пен еңбекке адалдықты қалыптастыру үшін қолдануға болады. Іс-шаралар:

- Кәсіби этика мен моральдық жауапкершілік туралы дәрістер өткізу. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде адамгершілік нормаларының маңызы зор.
- Кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталған іс-шаралар мен марафондар ұйымдастыру. Мұндай іс-шараларда студенттер техникалық саласындағы өздерінің жауапкершіліктерін сезініп, Абайдың моральдық құндылықтарын бойларына сіңіреді. Өзектілігі: Қазақстанда 2025 жылдың «Жұмысшылар жылы» деп жариялануы – техникалық және кәсіптік білім беру саласы үшін аса маңызды оқиға. Бұл бастама еңбек адамының беделін арттырып, жастарды нақты мамандыққа, кәсіби қалыптасуға ынталандыруды көздейді. Электротехника колледжі сияқты білім ордаларында бұл жыл – білім алушыларға еңбек тәрбиесін жүйелі жүргізуге, мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға ерекше мүмкіндік. Осы орайда Абай Құнанбайұлының еңбекке қатысты мұралары – тәрбие жұмыстарының тірегіне айналуы тиіс. Абайдың «Еңбек етсең ерінбей...» және «Адал еңбек – береке бастауы» деген ұстанымдары жұмысшы мамандығын таңдаған жастарға бағыт-бағдар береді. Психологиялық тренингтер мен мотивациялық кездесулерде Абайдың еңбекті қадірлеуге, тәртіп пен табандылыққа үндейтін ойлары – нақты тәжірибелік құрал ретінде қолданылады. Жұмысшылар жылы аясында Абай мұрасын насихаттау – кәсіби білікті, рухани бай маман тәрбиелеудің жолы.

Қорытынды: Абайдың терең ойлы мұрасы – тек әдеби-тарихи ескерткіш ғана емес, ол – жастармен жұмыс жүргізудің психологиялық негізі. Колледж студенттерінің бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіруде Абай тағылымын жүйелі қолдану – қоғамға жан-жақты дамыған, ізгі жүректі, саналы азамат тәрбиелеудің бірден-бір жолы. Ұсыныстар:

1. Колледж деңгейінде Абай шығармаларын рухани-психологиялық бағыттағы жұмыстарға енгізу;
2. Психолог-педагогтар мен топ жетекшілеріне арналған әдістемелік құрал әзірлеу;
3. Абай тағылымына арналған тұрақты психологиялық үйірме ұйымдастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы, 2002.
2. Қалиев С. Рухани-адамгершілік тәрбие. – Астана, 2011.
3. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: 1995.
4. Мұқанов С.М. Абай және психология. – Алматы: Ғылым, 1995.



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ – ҒАСЫРЛАР МҰРАСЫ

Кусаинов Алтынбек Болатбекович
дене шынықтыру мұғалімі
тоғызқұмалақтан Семей қаласының аға
жаттықтырушысы
«№11 ЖОББМ» КММ
Семей қаласы, Абай облысы

Қазақ халқының бай тарихы мен мәдениетінде ұлттық ойындар ерекше орын алады. Ғасырлар бойы атадан балаға мұра болып келе жатқан бұл ойындар тек көңіл көтерудің ғана емес, сонымен қатар жас ұрпақтың дене тәрбиесін жетілдірудің, олардың ептілігін, күшін, төзімділігін, тапқырлығын және батылдығын қалыптастырудың маңызды құралы болған. Ұлттық ойындар – халықтың рухын, дүниетанымын, өмір салтын және әдет-ғұрпын айшықтайтын рухани қазына. Қазақ халқының ұлттық ойындарының алуан түрлілігі таң қалдырады. Олардың ішінде ат үстінде ойналатын ойындар ерекше орын алады. «Қыз қуу», «теңге алу», «жамбы ату», «көкпар» сияқты ойындар көшпелі өмір салтымен тікелей байланысты. Бұл ойындар жауынгерлік рухты, ат құлағында ойнау шеберлігін, мергендікті және командалық жұмысты талап етеді. Жылқы малы – қазақ үшін қашан да серік болғандықтан, бұл ойындар арқылы жастар атпен еркін қимылдауға, оны басқаруға және әртүрлі жағдайларда өздерін көрсете білуге үйренген. Жаяу ойналатын ұлттық ойындар да өте көп. «Асық ату», «бес тас», «арқан тарту», «соқыр теке», «тығылмашақ» сияқты ойындар балалардың моторикасын, көзбен мөлшерлеу қабілетін, ептілігін және зеректігін дамытады. Бұл ойындар көбінесе жастардың ауыл арасында, алаңдарда бас қосып ойнайтын көңілді думанның бір бөлігі болған. Олар арқылы балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, достық қарым-қатынас орнатуға және ұжымдық рухты сезінуге үйренген. Зияткерлік ойындардың ішінде «тоғызқұмалақ» ерекше орын алады. Бұл ойын математикалық есептеуді, логикалық ойлауды, стратегиялық жоспарлауды және шыдамдылықты талап етеді. «Тоғызқұмалақ» – қазақ халқының ақыл-ой қабілетінің биік шыңының бір көрінісі. Ол жастарды терең ойлауға, өз қадамдарын алдын ала болжауға және қарсыластың әрекетін талдауға үйретеді. Қазіргі таңда жаһандану үрдісінің әсерінен ұлттық ойындардың кейбірі ұмытылып бара жатқаны жасырын емес. Дегенмен, соңғы жылдары ұлттық мұраны қайта жаңғыртуға деген қызығушылық артуда. Мектептерде, спорттық секцияларда ұлттық ойындарды үйрету және олар бойынша жарыстар ұйымдастыру – жас ұрпақтың бойында ұлттық рухты оятудың және салт-дәстүрлерді сақтаудың маңызды жолы болып табылады. Ұлттық ойындардың тарихи-мәдени негізі ғасырлар бойы маңызды болған. Қазақ халқының кең-байтақ даласында өмір сүру салты, тарихы мен мәдениеті ұлттық ойындарда көркемдікпен көрініс тапқан. Ғасырлар бойы қалыптасқан бұл ойындар жас ұрпақтың тек дене бітімін



шынықтырып қана қоймай, сонымен қатар олардың ақыл-ойын дамытып, рухани дүниесін байытуда ерекше рөл атқарған. Ұлттық ойындар – қазақ даласының көркемдігін, халықтың өнерін және тәрбиелік мұраттарын ұштастырған бірегей құбылыс.

Қазақтың ұлттық ойындарының көркемдік сипаты олардың мазмұны мен формасында айқын көрінеді. Ойындардың сюжеттері көбінесе халықтың тұрмыс-тіршілігімен, табиғатпен және батырлық ерліктерімен байланысты. «Көкпар» ойынындағы ер-азаматтардың күші мен ептілігі, «қыз қуу» ойынындағы жігіт пен қыздың арасындағы әзіл-қалжыңы мен

шапшаңдығы, «теңге алу» ойынындағы мергендік пен аттың жүйріктігі – бәрі де қазақ даласының көркемдігін, адамдардың өзара қарым-қатынасын және өмірге деген құштарлығын көрсетеді[1,25].

Ұлттық ойындардың көркемдік үлгісі ретіндегі маңыздылығы олардың тәрбиелік мәнінде жатыр. Ойындар арқылы жастар батырлыққа, ерлікке, достыққа, адалдыққа, ептілікке және тапқырлыққа үйренген. «Алтыбақан» ойынындағы бірлік пен теңдік, «арқан тарту» ойынындағы күш біріктіру және өзара көмек, «асық ату» ойынындағы

дәлдік пен стратегиялық ойлау – бәрі де жас буынның бойында ізгі қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Ойындардың ережелері әділдік пен теңдікті сақтауға негізделген, бұл қатысушыларды өзара сыйластыққа және әдептілікке тәрбиелейді. Сонымен қатар, ұлттық ойындар – қазақ халқының эстетикалық талғамын дамытудың көркем құралы болған. Ойындардың музыкалық сүйемелдеуі, қатысушылардың киімдерінің әсемдігі, ойын алаңының безендірілуі – бәрі де жастардың бойында әдемілікке деген сезімді оятады. Ойындардағы қимылдардың үйлесімділігі, ырғақтылығы мен пластикасы қатысушылардың дене мәдениетін жетілдіреді және олардың эстетикалық қабылдауын кеңейтеді[2,14].

Қазіргі заманда ұлттық ойындардың тәрбиелік және көркемдік маңызы еш кеміген жоқ. Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау және жас ұрпақты өз тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу – аса маңызды міндет. Ұлттық ойындарды мектеп бағдарламасына енгізу, олар бойынша жарыстар мен фестивальдар ұйымдастыру – жастардың бос уақытын тиімді өткізуге, олардың рухани дамуына және ұлттық рухын көтеруге ықпал етеді. Яғни, қазақ даласындағы ұлттық ойындар – тек көңіл көтерудің қарапайым түрі емес, сонымен қатар жас ұрпақтың жан-жақты дамуына, олардың бойында ізгі қасиеттерді қалыптастыруға және эстетикалық талғамын дамытуға бағытталған тәрбиенің көркемдік үлгісі болып табылады. Ұлттық ойындарды дәріптеу және оларды жас ұрпаққа жеткізу – біздің баға жетпес мұрамызды сақтаудың және болашаққа аманаттаудың маңызды шарты.

- ❖ Асық ату – балалардың математикалық ойлауын дамытады: асық санын есептеу, стратегия құру. Асық ату - қазақ халқының ғасырлар бойы сақтап келген ең көне ойындарының бірі. Бұл ойын тек балалардың көңіл-күйін көтеретін ойын ғана емес сонымен



қатар математикалық ойлау мен дене тәрбиесін дамытудың тиімді әдісі. Асық ату ойынының әр түрлі нұсқалары арқылы балалар стратегиялық ойлау мен жылдам есептеу дағдыларын дамытады.

Тарихи деректер бойынша асық ату ойыны Орта Азия халықтары арасында кең таралған. Көшпелі малшылардың күнделікті тіршілігінде маңызды орын алған. Археологиялық қазбаларда табылған ең көне асықтардың жасы 2 мың жылдан астам. Ойынның тәрбиелік маңызы зор. Асық ату балалардың:

- ❖ Қол ептілігін дамытады.
- ❖ Кеңістіктік ойлауын жетілдіреді.
- ❖ Математикалық есептеу дағдыларын арттырады.

Асық ату - қазақ халқының рухани қазынасының ажырамас бөлігі. Бұл ойынды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу - біздің әрқайсымыздың парызы. Асық атудың тәрбиелік әсерін ескере отырып, оны мектеп оқу бағдарламаларына кеңінен енгізу қажет. Сондай-ақ:

- ❖ Қыз қуу – жігер мен ептілікті арттырды, әлеуметтік қатынастарды реттеді.
- ❖ Тоғызқұмалақ – логика мен кеңесшілдікті үйретті. Алтын Орда дәуірінен бері сақталған.
- ❖ Тарихшы Н.А. Атығаевтың зерттеулері бойынша, ойындар көшпелілердің әскери дайындығының ажырамас бөлігі болған[3,7].

Тәрбиедегі рөлі

Ұлттық ойындар балаларға:


- ✓ Қоғамдық қатынастарды, әділдік, тәртіп – «Жамбы ату» жарыстарында қатаң ережелер.
- ✓ Табиғатпен үйлесімділікті, «Аударыспақ» ойынында тепе-теңдікті сақтау.
- ✓ Жеңіс пен жеңілісті лайықты қабылдауға үйретеді, «Көкпарда» жеңімпаздықты ғана емес, командалық рухты маңызды ету.

Педагог Қ. Жұмабаевтың айтуынша: «Ойын – қазақтың алғашқы мектебі».

Қорыта келе айтарымыз, қазақ халқының ұлттық ойындары – бұл тек өткеннің мұрасы емес, сонымен қатар бүгінгі күннің де құндылығы. Оларды сақтау, дамыту және жас ұрпаққа жеткізу – біздің басты міндетіміз. Ұлттық ойындар арқылы біз балаларымызды ептілікке, күшке, ақылдылыққа, батылдыққа және ең бастысы – өз халқының тарихы мен мәдениетін құрметтеуге тәрбиелейміз. Бұл – біздің ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалудың және болашақ ұрпаққа аманаттаудың сенімді жолы. Қазақ даласындағы ұлттық ойындар – бұл тек өткеннің емес, бүгінгі күннің де баға жетпес байлығы. Олар жас ұрпақты тәрбиелеудің көркемдік үлгісі ретінде өз маңызын ешқашан жоймайды. Ұлттық ойындарды дәріптеу арқылы біз балаларымыздың бойында ұлттық рухты оятамыз, оларды өз тарихы мен мәдениетін құрметтеуге үйретеміз және келешек ұрпаққа баға жетпес мұрамызды аманаттаймыз. Бұл – біздің ұлттық болмысымызды сақтаудың және өркендетудің сенімді жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбілқасымов, Қ. Қазақтың дәстүрлі ойындары. Алматы: «Алматыкітап». 2018
2. ЮНЕСКО. Орта Азия халықтарының рухани мұрасы. Париж. 2019
3. Төлеубай, А. Асық ату: тарихы мен әдістемесі. Астана: «Фолиант». 2020





МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТЫ ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жакыпова Гаухар Кабылкызы
дене шынықтыру мұғалімі
«№11 ЖОББМ» КММ
Семей қаласы, Абай облысы

Ұлттық мәдениетіміздің ажырамас бөлігі болып табылатын тоғызқұмалақ – ғасырлар бойы атадан балаға мұра болып келе жатқан зияткерлік ойын. Оның тек ойын ретінде қызықтылығы ғана емес, сонымен қатар, оқушылардың ақыл-ойын дамытуда, логикалық пайымдауын қалыптастыруда және ұлттық құндылықтарды бойына

сіңіруде маңызы зор. Сондықтан да бүгінгі мектеп оқушыларын тоғызқұмалаққа үйрету – заман талабы. Тоғызқұмалақ – бұл тек қана көңілді уақыт өткізуге арналған қарапайым ойын емес. Ол ойнаушыдан жан-жақты ақыл-ой жұмысын талап етеді. Онда әрбір қадамды тереңнен ойластыру, алдағы бірнеше жүрісті стратегиялық тұрғыда жоспарлау және ұпайларды математикалық дәлдікпен есептеу қажет. Егер тоғызқұмалақ мектеп оқу бағдарламасына енгізілсе, бұл оқушылардың талдау жасау қабілетін, бір нәрсеге зейін қоюын, қиындыққа төтеп беруін және қарсыласының келесі қадамдарын алдын ала сезу қабілетін айтарлықтай жақсартады. Ойын процесінде балалар сандармен белсенді түрде жұмыс істеуге, әртүрлі әдістерді құрастыруға және өз жүрістерін ұқыптылықпен жоспарлауға машықтанады. Бұл әсіресе математикалық ойлаудың дамуына, соның ішінде арифметикалық амалдарды терең меңгеруге үлкен көмек тигізеді. Тоғызқұмалақтың тәрбиелік мәні де өте жоғары. Ойын барысында оқушылар әділдікке, қарсыласты құрметтеуге, жеңіске сабырлықпен қарауға және жеңілістен сабақ алуға үйренеді. Әрбір ойын – бұл өзара әрекеттесу, пікір алмасу және қарсыластың ойын түсінуге тырысу мүмкіндігі. Бұл оқушылардың коммуникативтік дағдыларын және әлеуметтік бейімделуін жақсартады. Мектеп оқушыларын тоғызқұмалаққа үйретудің бірнеше тиімді жолдары бар. Ең алдымен, ойынның қарапайым ережелерін түсіндіруден бастау қажет. Ойын тақтасының құрылымы, тастардың орналасуы, жүрістердің жасалу тәртібі және ұпай есептеу әдістері түсінікті тілмен баяндалуы тиіс. Одан кейін, қарапайым стратегияларды көрсету және оқушылардың өздігінен тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беру маңызды. Мектепте тоғызқұмалақ үйірмелерін ашу, турнирлер мен жарыстар ұйымдастыру оқушылардың қызығушылығын арттырады және олардың шеберліктерін шыңдауға көмектеседі. Сонымен қатар, ұлттық ойындарға арналған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу және оларды сабақ процесінде пайдалану тиімді нәтиже береді. Тоғызқұмалақты мектеп қабырғасында дәріптеу арқылы біз жас ұрпақтың бойында ұлттық рухты оятамыз, оларды өз тарихы мен мәдениетін құрметтеуге тәрбиелейміз. Бұл ойын арқылы оқушылар ата-бабаларымыздың даналығын сезінеді, ұлттық ойлау жүйесінің ерекшеліктерін түсінеді. Мектеп оқушыларын тоғызқұмалаққа үйрету – бұл тек зияткерлік ойынды меңгерту ғана емес, сонымен қатар, олардың ақыл-ойын дамытуға, тәрбиелік құндылықтарды сіңіруге және ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған маңызды қадам. Бұл арқылы біз келешек ұрпақтың жан-жақты дамыған, білімді әрі ұлтжанды азаматтар болып қалыптасуына ықпал етеміз.

Тоғызқұмалақтың мектеп өміріне енуі тек факультативтік сабақтармен немесе үйірмелермен шектелмеуі тиіс. Оны математика, логика немесе тарих пәндерімен интеграциялау арқылы оқу процесін одан әрі байытуға болады. Мысалы, математика сабақтарында ұпай есептеу, жүрістерді талдау кезінде арифметикалық амалдарды қолдануға болады. Ал тарих сабақтарында тоғызқұмалақтың пайда болу тарихы, оның мәдени маңызы туралы мәліметтер берілуі мүмкін. Бұл пәнаралық байланыс оқушылардың білімдерін жүйелеуге және олардың қызығушылығын арттыруға көмектеседі[1,6].

Заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін де тоғызқұмалақты оқыту процесінде тиімді пайдалануға болады. Интерактивті ойын бағдарламаларын, онлайн платформаларды және мобильді қосымшаларды жасау оқушылардың ойынды қызықты әрі тартымды түрде меңгеруіне ықпал етеді. Виртуалды турнирлер мен жарыстар ұйымдастыру арқылы оқушылардың өзара бәсекелестік рухын көтеруге және олардың ойынға деген құштарлығын арттыруға болады. Ата-аналардың бұл процеске жан-жақты атсалысуы орасан зор маңызға ие. Олар тек балаларына тоғызқұмалақ ойнауға моральдық демеу көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар, бұл ойынға деген қызығушылықтарын оятып, оларды ынталандырып отырулары керек[2,15]. Үйде ұйымдастырылған қызықты отбасылық турнирлер балалар үшін тек ойын алаңы ғана емес, сонымен қатар жақын адамдарымен бірге уақыт өткізудің, өзара түсіністікті арттырудың және бір-біріне деген сенімді нығайтудың тамаша мүмкіндігіне айналады. Бұл бірлескен әрекеттер отбасылық байланыстарды шыңдап, баланың ұлттық ойынға деген сүйіспеншілігін тереңдетуге және оның мәдени мұрамызға деген құрметін арттыруға көмектеседі. Ата-ананың қолдауы арқылы бала тоғызқұмалақтың тек ережелерін ғана емес, сонымен қатар оның рухани мәнін де түсіне бастайды. Мектеп оқушыларын тоғызқұмалаққа баулу – бұл бір күндік немесе бір сағаттық шара емес, керісінше, ұзақ уақытты қажет ететін, жоспарлы әрі қадамдық жұмыс. Бұл үрдіс табысты болу үшін педагогтардан тек қана пән бойынша терең білім мен кәсіби біліктілік жеткіліксіз. Олар сонымен қатар әрбір оқушының қызығушылығын оята білуі, оқыту процесіне шығармашылықпен қарауы және балаларға деген шынайы мейірімділікпен қарауы абзал. Ұстаздың әрбір сабағы қызықты әрі тартымды болуы, оқушыларды ойлауға жетелеуі, өз бетінше ізденуге ынталандыруы керек[3,25]

Дегенмен, осы мақсатты бағыттағы табанды еңбектің соңында біз ұлттық құндылықтарды терең түсінетін және оны жоғары бағалайтын, логикалық ойлау қабілеті жоғары, білімді әрі рухани бай, өз халқының мұрасымен мақтанатын жас ұрпақты тәрбиелеп шығаратынымызға сенімдіміз. Тоғызқұмалақ арқылы балалардың ақыл-ойы ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана-сезімі қалыптасады, олар өздерінің кім екенін тереңірек түсінеді және болашаққа деген сенімдері артады. Бұл – біздің еліміздің ертеңі үшін жасалған аса маңызды инвестиция.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезханқызы, К. Тоғызқұмалақ – қазақтың ұлттық ойыны. Алматы: «Алматыкітап» 2010.
2. Жұмабеков, Т. Ұлттық ойындар – тәрбие құралы. Астана: «Фолиант». 2005.
3. Сейітқалиев, Ғ. Тоғызқұмалақ: оқу құралы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы. 2003.

Қосымша әдебиеттер:

1. Минибаева, Г.С. Дәстүрлі ойындар арқылы балаларды тәрбиелеу. Алматы: «Білім, 2018.
2. Қазақстан Республикасы Спорт және мәдениет министрлігі. «Ұлттық спорт түрлерін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», 2021.





АШЫҚ САБАҚ ЖОСПАРЫ

Мусанова Адина Дашақызы
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Семей қаласы
«№50 жалпы орта білім беретін
ІТ- мектеп-лицейі» КММ



Пән: Қазақ тілі Т2		Бөлім: 6. Қоршаған ортаны қорғау		
Сынып: 4 «Л»		Қатысқан оқушылар:		Қатыспаған оқушылар :
Сабақтың тақырыбы: 24. Ұсыныс білдіремін				
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары		4.2.3.1 белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу. 4.3.5.1 қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктер, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Оқушылармен амандасамын. Топтарға бөлемін. Асықтар арқылы топқа бөлемін. Экраннан асықтар 3 қоржынға бөлініп салынады. Психологиялық ахуал қалыптастыру. <i>Нұсқаулық:</i> Кершіңді оң жақтан құшақта, Кершіңді сол жақтан құшақта. Оң жақтағы кершіңе бір жымылып, Сол жақтағы кершіңе бір жымылып, Бүгінгі сабақ барысы,	Бөлінген асықтарға қарай оқушылар 1,2,3. топқа бөлініп отырады. 1 топ- 2 топ- 3 топ- Оқушылар шеңберге тұрып, нұсқаулық бойынша сабаққа тілек білдіреді.	«Асықтар»  «Қол шапалақ»	Слайд Оқулық https://wordwall.net/resource/87010736/%d2%9b%d2%b1%d0%bf%d0%b8%d1%8f-%d1%8

	Біз үлкен отбасы. Сабақты бағалау әдісі түсіндіріледі. Оқушы жауабы «Бәйге аттары» арқылы бағаланады. Үй жұмысын тексеру «Микрофон» әдісі арқылы алдыңғы білімге қатысты сұрақтар қойылады. Жаңа сабақ Тақырыпты ашу	Жауап берген оқушы келесі оқушыға бір сұрақ қояды. «Адасқан әріптер» әдісі арқылы тақырыпты ашады.	«Бәйге аттары»  «Бәйге аттары»	<u>1%d3%</u> <u>a9%d0</u> <u>%b7%d</u> <u>0%b4%</u> <u>d1%96-</u> <u>%d1%8</u> <u>2%d0%</u> <u>b0%d0</u> <u>%bf</u>
